



Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 1 маусымдағы N 250 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 маусымда N 14-2-74 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 27 қазандағы N 470 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2011.10.27 N 470 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 4 тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса тіркелген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы бекітілсін.

2. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы" Арыс қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 1 сәуірдегі N 649 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-22 нөмірімен тіркелген, 2006 жылғы 24 сәуірдегі "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **С. Сұлтановқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы **Қ. Сыдықов**

Арыс қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 1 маусымдағы

N 250 қаулысымен бекітілген

**Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды
ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу
Қағидасы**

1.Жалпы қағидалары

1. Бұл Қағида Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес әзірленген және нысаналы топқа жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің іріктеу Қағидасын белгілейді.

Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

2) жұмысқа орналастыру – халықтың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс - шаралар кешені ;

3) нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде белгіленген адамдар топтары;

4) жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын заңды немесе жеке тұлға ;

5) уәкілетті орган – жергілікті атқарушы органдардың аймақтық деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу үшін және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) ;

2. Жұмыс іздеп жүрген, бірақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (әрі қарай - уәкілетті орган) жұмыссыз деп танымаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға осы Қағида қолданылмайды.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтіндердің еңбек және басқа қатынастары Қазақстан Республикасының Заңдарымен реттеледі.

2.Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру.

4. Жұмыс беруші, нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті органмен шарттық негізде жұмыс орындарының саны шектелмейтін және уақытша сипаттағы әлеуметтік жұмыс орындарын құрады. Оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен лауазымдар пайдаланылмайды .

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын құрмақшы болуға тілек білдірген жұмыс беруші, уәкілетті органға құрылатын әлеуметтік жұмыс орындарының саны, көрсетілген еркін нысанды өтініш береді және оған мына құжаттарды қоса тапсырады :

- 1) кәсіпорынның, мекеменің жарғысының көшірмесі;
- 2) кәсіпорынның, мекеменің мемлекеттік тіркеу куәлігінің көшірмесі;
- 3) мәлімет берер күнге дейінгі соңғы айда төлем ақы қарызының жоқтығы туралы салық комитетінің анықтамасы;

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2010.06.10 N 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеп, тізімін жасауды уәкілетті орган төмендегі сипаттар негізінде жүзеге асырады;

1) қаржы ахуалы;

2) материалдық базасының барлығы және техникалық жарақтандыруы;

7. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің тізімін уәкілетті орган жасайды және екі жақты "Уәкілетті орган – Жұмыс беруші" келісім шартқа тұрады.

8. Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбек ақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері қамтылуға тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2010.06.10 N 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9. Әлеуметтік жұмыс орнына орналасқан нысаналы топтардағы жұмыссыздардың жұмыс істеу мерзімі алты айға дейін болуы мүмкін. Еңбек шартының ұзақтығы алты айдан асқан жағдайда, жұмыс беруші бұл қызметкерді тұрақты жұмысқа орналастыру мүмкіншілігін қарастырылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2010.06.10 N 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орнына жіберу.

10. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберуді шарттық негізде, жұмыссыздың келісімі мен уәкілетті орган жүзеге асырады.

11. Жұмыс беруші жұмыссызды жұмысқа қабылдағандығы туралы бұйрықтың көшірмесін үш күн мерзімде уәкілетті органға береді.

12. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар, өз бетінше себепсізден жұмысты тоқтатқан жағдайда, жұмыссыз ретінде қайтадан тіркелген күннен үш ай өткеннен кейін әлеуметтік жұмыс орнына жаңадан жіберілуі мүмкін.

4. Ескерту. 4-тарау алынып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2010.06.10 N 290 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. Есеп берушілік

19. Жұмыс беруші бос жұмыс орындары (бос қызметтер) пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олар туралы уәкілетті органға мәлімет жіберуге міндетті.

20. Жұмыс беруші уәкілетті орган берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (уәкілетті орган оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) хабарлауға тиіс (бұйрықтың көшірмесін қоса береді).

21. Қалалық жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуына тұрақты мониторинг жүргізеді және олардың жұмыспен қамтылуы туралы Оңтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне тоқсан сайын ақпарат береді.